

**"2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1273 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы**

2004 жылғы 15 қыркүйекте Астанада жасалған 2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

**2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу**

## **қағидаттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА**

2000 жылғы 9 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 8-бабына сәйкес бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Келісімге мынадай өзгерістер енгізу туралы келісті:

1. Келісімнің 3-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Тауарларды әкету кезінде салық салу қағидаты

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетілетін және екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін, экспорттың кеден режиміне жатқызылатын тауарларға Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес нөлдік ставка бойынша жанама салықтар салынады."

2. Келісімнің 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Тауарларды әкелу кезінде салық салу қағидаты

Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетіліп, екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін тауарларға әкелінген елде оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады."

3. Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Осы Хаттама Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар бойынша алған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді және осы Хаттама күшіне енгеннен кейін тиелген тауарларға қатысты қолданылады.

2004 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

**Қ А З А Қ С Т А Н**  
**РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҮКІМЕТІ ҮШІН**

**Р Е С Е Й**  
**ФЕДЕРАЦИЯСЫ**  
**ҮКІМЕТІ ҮШІН**

## **Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Өзара сауда-саттықта жанама салықтарды өндіріп алу қағидаттары туралы КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда-саттық аймағын құру туралы келісімнің және

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда-саттық аймағын құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ережелерін басшылыққа ала отырып, экономикалық интеграцияны одан әрі тереңдетуге, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тең мүмкіндіктер жасауға және адал ниетті бәсекелестік шарттарын орнатуға ұмтыла отырып, халықаралық сауда-саттықтың жалпы жұрт таныған нормалары мен ережелерін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Жалпы анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер қолданылады:

"жанама салықтар" - қосымша құн салығы және акциз;

"нөлдік ставка" - тауарларды (көрсетілетін қызметті) әкету кезінде акциздерден босатуды және қосымша құн салығының ставкасын білдіреді. Нөлдік ставканы қолдану салық төлеушіге материалдық ресурстар бойынша қосымша құн салығын шегеруге (өтемге), сондай-ақ алда тұрған төлемдердің есебінен төленген салықтарды шегеруге немесе олардың өтеміне құқық береді;

"тағайындалған елі" - кедендік аумағына тауарларды (көрсетілетін қызметті) әкелу жүзеге асырылатын мемлекет;

"шаруашылық жүргізуші субъектілер" - Тарап мемлекеттерінің салық төлеушілері.

## **2-бап**

### **Келісімнің тақырыбы**

Осы Келісімнің тақырыбы - Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің арасында сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде жанама салықтарды өндіріп алу қағидатын белгілеу болып табылады.

## **3-бап**

### **Тауарларды әкету кезінде салық салу қағидаты**

1. Бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетілетін және екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін, экспорттың кедендік режиміне жатқызылатын тауарларға Тараптардың ұлттық салық заңнамасына сәйкес нөлдік ставка бойынша жанама салықтар салынады.

2. Осы баптың 1-тармағындағы ереже тұрақты газ конденсатын қоса алғанда табиғи газға, мұнайға қолданылмайды.

#### **4-бап**

### **Тауарларды әкелу кезінде салық салу қағидаты**

1. Осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында санамаланғандарды қоспағанда, екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетіліп, бір Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінетін тауарларға тағайындалған елінде оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады.

2. Осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында санамаланған және бір Тарап мемлекетінен шығатын тауарлар осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің кеден аумағынан екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінген жағдайда оларға осы екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағында оның ұлттық заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады.

#### **5-бап**

### **Қызметтерді көрсету кезінде жанама салықтарды қолдану тәртібі**

1. Қызметтер көрсету кезінде жанама салықтарды қолдану тәртібі жеке хаттамамен ресімделеді. Осындай хаттаманың күшіне енуіне дейін көрсетілетін қызметтерге Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жанама салықтар салынады, оларға мынадай қызмет көрсетулер жатпайды:

а) жөнелту, тиеу, түсіру және қайта тиеу жөніндегі қызмет көрсетулерді қоса алғанда, екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетілетін тауарларды тасымалдау және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

б) жөнелту, тиеу, түсіру және қайта тиеу жөніндегі қызмет көрсетулерді қоса алғанда, тауарларды жөнелту немесе жеткізу пункттері Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында орналасқан жағдайда транзиттік тауарларды тасымалдау және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

в) екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан жолаушылар мен жүктерді тікелей және керісінше бағытта тасымалдау жөніндегі қызметтер.

2. Осы баптың 1-тармағының "а", "б" және "в" тармақшаларында санамаланған қызметтерге, оларды Тараптар белгілейтін тәртіптерге сәйкес көрсету фактісі расталған жағдайда, осындай қызмет көрсететін салық төлеушілердің мемлекетінде нөлдік ставка бойынша қосымша құн салығы салынады.

## **6-бап**

### **Тауарлардың өтуіне және жанама салықтарды төлеуге бақылау**

1. Тауарлардың өтуіне, есеп жүргізуге және ақпарат алмасуға бақылауды жүзеге асыру мақсатында Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасын (ТМД СЭҚ ТН) пайдаланады.

2. Екінші Тарап мемлекетінің кеден аумағына бір Тарап мемлекетінің кеден аумағынан тауарларды әкелу (әкету) кезінде жанама салықтарды өндіріп алуды және оларды төлеуге бақылау жасауды осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің кеден және салық органдары жүзеге асырады.

## **7-бап**

### **Келісімнің орындалуы**

1. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешетін болады.

2. Тараптар қажет болған жағдайда осы Келісімді іске асыру барысын бағалауға және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізудің орындылығына қатысты консультациялар өткізеді.

## **8-бап**

### **Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

Тараптар өзара келісім жағдайында осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізеді, олар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамалармен ресімделеді.

## **9-бап**

### **Келісімнің қолданылу мерзімі**

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламадан кейін 2001 жылдың 1 ш і л д е с і н д е кү ш і н е е н е д і .

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-бірі кем дегенде кезекті мерзім аяқталардан 6 ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарламаса, келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылады.

Астана қаласында 2000 жылғы 9 қазанда әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

*Қ А З А Қ С Т А Н*  
*РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ*  
*ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*Р Е С Е Й*  
*ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ*  
*ҮКІМЕТІ ҮШІН*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК